

НҰРЛЫ ЖОЛ

1991 жылдың 10 январынан
шыға бастадыӨзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасы Кеңесінің, Өзбекстан Республикасы
Олий Мажлисі Сенаты Кеңесінің және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің газеті№21 (3286), сәрсенбі,
12 март, 2025 жылӨЗБЕКСТАН ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ФРАНЦИЯҒА
МЕМЛЕКЕТТІК САПАРЫ БАСТАЛДЫӨзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев Франция Республикасының
Президенті Эммануэль Макронның шақыруына орай Париж қаласына келді.

Ұшақ алдында Өзбекстан жетекшісін Франция ұлттық білім, жоғары білім және ғылыми зерттеулер министрі Элизабет Борн, Париж әскери округінің колбасшысы генерал Лоик Мизон және басқа да ресми тұлғалар қарсы алды.

“Орли” халықаралық әуежайында мәртебелі қонақтың құрметіне екі елдің мемлекеттік тулары көтерілді, құрметті қарауыл сапқа тұрды.

Еліміз делегациясы орналасқан резиденция алдында Францияда оқып жатқан, жұмыс істеп жүрген және ізденулер жүргізіп жатқан бір топ отандастарымыз Президент Шавкат Мирзияевты үлкен қуанышпен қарсы алды. Мемлекетіміз басшысы олармен шынайы сұхбаттасты, оқуларына және ізденістеріне табыстар тіледі.

Сапардың негізгі шаралары 12 март күнге жоспарланған.

Бағдарламаға сәйкес, Елисей сарайында жоғары дәрежедегі Өзбекстан — Франция келіссөздері өтеді.

Сонымен қатар мемлекетіміз басшысы ЮНЕСКО-ның бас директоры Одри Азулемен кездесу, Францияның жетекші компания және банкерінің өкілдерімен дөңгелек үстел сұхбатын өткізеді.

ӨЗА

ӨЗБЕКСТАН – ВЬЕТНАМ ҰНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Жуырда Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенаты Төрағасының бірінші орынбасары Содиқ Сафоев Вьетнам Социалистік Республикасының сыртқы істер министрінің орынбасары Ле Тхи Тху Ханг бастаған делегациямен кездесу өткізді.

Кездесу барысында Өзбекстан мен Вьетнам арасындағы ынтымақтастықты кеңейту мәселелері талқыланды.

Атап өтілгендей, Өзбекстан Вьетнамды Оңтүстік-Шығыс Азиядағы маңызды әрі сенімді серіктестерінің бірі ретінде қарастырады. Екі ел арасындағы қатынастар, соның ішінде саяси, сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық сала-

ларда үлкен әлеуетке ие екені айтылды. Кездесу барысында тараптар жоғары және ең жоғарғы деңгейдегі сапарларды ұйымдастыру бойынша пікір алмасты. Осыған байланысты екі ел арасындағы саяси диалогты жандандыру, парламентаралық ынтымақтастықты нығайту және өзара тиімді жобаларды жүзеге асырудың маңыздылығы атап өтілді.

ОМБУДСМАН ҚЫЗМЕТІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Өткен 2024 жылы Омбудсманға келіп түскен өтініштер саны 2023 жылмен (18 622 өтініш) салыстырғанда 4 мың 800-ге немесе 25 пайызға артқан.

Атап айтқанда, 2024 жылы Омбудсманға келіп түскен өтініштер бағыттары бойынша әлеуметтік құқық саласындағы жалпы өтініштердің 31,8 пайызын құрап, 2023 жылмен салыстырғанда 82 пайызға өскен.

Бұл туралы 5 март күні Сенаттың Сот-құқық мәселелері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес комитетінің жиналысында айтылды.

Аталған жиналысқа сенаторлар, Қарақалпақстан Республикасы Жоқарғы Кеңесінің, халық депутаттары облыстық және Ташкент қалалық Кеңестерінің тұрақты комиссия төрағалары, Жастар парламенті мүшелері, Комитет жанындағы сарапшылар тобының мүшелері, тиісті министрлік пен кеңсе өкілдері, сондай-ақ бұқара-

лық ақпарат құралдарының қызметкерлері қатысты. Жиында Өзбекстан Республикасының Олий Мажлисіндегі Адам құқықтары бойынша өкілдің (Омбудсман-ның) 2024 жылғы қызметі туралы баяндамасы талқыланды.

Белгіленгендей, Омбудсман институты 2024 жылы жаңа конституциялық нормалар негізінде адам құқығы, бостандығы және заңды мүддесі туралы заңнаманың сақталуына ықпалды парламенттік бақылауды жүзеге асыру, салаға қатысты ұлттық заңнаманы және ұлттық превентивті механизмді жетілдіру, халықаралық ынтымақтастықты дамыту, сондай-ақ азаматтардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін арттыру бойынша бірқатар жұмыстар атқарды.

Сенаттың 2024 жылғы 30 марттағы тиісті Қаулысымен қайталанатын өтініштердің алдын алу шаралары қабылданып, бұл бағытта он нәтижелерге қол жеткізілді. Қайталанатын өтініштер саны 2024 жылы 3 077-ні құрап, алдыңғы жылмен салыстырғанда 21-ге азайған.

Халықтың адам құқықтары мен бостандықтары саласындағы құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін арттыру мақсатында “Омбудсман мектебі” жобасы аясында елдің 86 аудан және қаласында насихат шаралары жүргізілген.

2024 жылы бұқаралық ақпарат құралдарында Омбудсман қызметіне қатысты 4 мыңнан астам жариялым ұйымдастырылған. Сондай-ақ, Омбудсманның әр тоқсандық қызмет нәтижелеріне арналған 6 брифинг өткізіліп, олар БАҚ пен әлеуметтік желілерде тікелей эфирде көрсетілген.

Сонымен қатар назар аударуды қажет ететін кейбір кемшіліктер де атап өтілді. Әйелдер құқықтарының шектелуі, отбасындағы әйелдің қорлануы, отбасылық тыныштықты қамтамасыз ету және зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері бойынша 294 өтініш келіп түскен, бұл алдыңғы жылмен (133 өтініш) салыстырғанда 121 пайызға артқан.

Омбудсманның өңірлік өкілдеріне Омбудсман кеңсесінен және азаматтардан тікелей 3 857 өтініш түскен. Омбудсманның аймақтық өкілдеріне келіп түскен өтініштер жалпы өтініштердің тек 16,4 пайызын құрағаны өңірлік өкілдер қызметіне халықтың сенімі жеткіліксіз екенін немесе жергілікті жерлерде аймақтық өкілдердің қызметін жетілдіру қажеттігін көрсететіні айтылды.

Талқылаулар қорытындысы бойынша Комитеттің тиісті қаулысы қабылданды.

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенатының Ақпарат қызметі.

ӨЗБЕКСТАН ПРЕЗИДЕНТІ БАӘ
ПРЕЗИДЕНТІМЕН ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ
СӨЙЛЕСТІ

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев 11 март күні өткен телефон арқылы сұхбатта Біріккен Араб Әмірліктерінің Президенті Шайх Мухаммад бин Зойд Ол Нахаянды туған күнімен шынайы құттықтады.

Еліміз жетекшісі БАӘ Президентіне мықты денсаулық, әл-ауқаттылық, ел басқару қызметінде жоғары жетістік, ал достас Әмірліктер халқына бейбітшілік, тыныштық пен даму тіледі. Мемлекет басшылары бүкіл мұсылман әлемі үшін қасиетті Рамазан айының басталуымен бір-бірін шын жүректен құттықтады.

Өзбекстан Президентінің биылғы январь айында БАӘ-ге жасаған сапары екіжақты қарым-қатынастар тарихында жаңа бет ашып, оны стратегиялық

серіктестік деңгейіне көтергені ерекше атап өтілді. Қол жеткізілген келісімдерді жүзеге асыру үшін арнайы “жол картасы” қабылданды.

Жетекшілер Өзбекстан мен БАӘ арасындағы көпжақты ынтымақтастықтың, ең алдымен, сауда-экономикалық және инвестициялық салаларда қарқынды дамып келе жатқанын ризашылықпен атап өтті. Тауар айырбастау мен инвестиция көлемі, біріккен кәсіпорындар саны тұрақты түрде артып келеді. Қазірде 20 миллиард

долларлық жобалар портфелі аясында Әмірліктердің жетекші компанияларымен “жасыл” энергетика, цифрландыру, жасанды интеллект, қала құрылысы, инфрақұрылым, туризм және жеке кәсіпкерлік сынды маңызды салаларда белсенді ынтымақтастық жүргізілуде.

Самарқанд қаласында “Орталық Азия — Парсы шығанағы араб мемлекеттері ынтымақтастық кенесі” диалогының екінші саммитін өткізу мәселелері де қаралды.

ӨЗА

САПАЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ
ҚЫЗМЕТ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Ферғана облысында сапалы медициналық қызметті халыққа жақындату мақсатындағы істерге жеке сектор өкілдері де өз үлестерін қосуда. Бүгінде аумақта 907 жеке медициналық мекеме жұмыс істейді.



миллиард банктер” алынған несие есебінен заманауи медициналық құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілді. Клиника бір уақытта 65 науқасты қабылдай алады, интенсивті технологиялардың көмегімен

Заманауи жағдайлар жасалған бұл емханаларда түрлі медициналық қызметтер жолға қойылып, бұрын облыс орталығында немесе астанада ғана жасалатын күрделі хирургиялық операциялар енді аудандарда да жүргізілуде. Бұл өз кезегінде облыста медициналық туризмнің дамуына ықпал етіп, емделу үшін басқа облыстардан және көрші елдерден келушілердің саны жыл сайын артып келеді.

Өткен жылдың ноябрь айында Ферғана облысының шалғай аумақтарының бірі — Язавон ауданында “DOCTOR XOLIQOV” жекеменшік клиникасы ашылды. Ол “Уз-

15-тен астам медициналық қызмет түрлерін ұсынады. Мұндағы дәрігерлер Германия мен Нидерландыда біліктіліктерін арттырып қайтқан.

Клиника басшысы Шукрулло Турғунбоевтың айтуынша, мұнда бүйрек пен бауыр трансплантациясы, сондай-ақ кардиохирургия саласындағы күрделі операциялар жасау бойынша нақты қадамдар жолға қойылған.

Суретте: Ферғана облысы, Язавон ауданындағы “DOCTOR XOLIQOV” жеке клиникасынан көрініс. Суретті түсірген М.ҚОДИРОВ (ӨЗА)

Кедендегі серпіліс

ЦИФРЛАНДЫРУ МЕН ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Жуырда Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінде Өзбекстан Республикасы Кеден комитеті кезекті баспасөз конференциясын өткізді. Шарада комитет төрағасының орынбасары Нодир Мусамухамедов “Кеден қызметін жетілдіру және цифрландыру: өткен жылдың негізгі көрсеткіштері және алдағы жоспарлар” тақырыбында жан-жақты ақпарат берді.

Сонғы жылдары Президентіміз жүргізіп жатқан ашық, өзара тиімді және конструктивті сыртқы саясаттың нәтижесінде еліміздің сыртқы сауда айналымы айтарлықтай өсті. Мәселен, сонғы үш жыл ішінде тауар айналымы 43 пайызға артты. Бұл өсім мемлекет бюджетіне кедендік төлемдерден түсетін қаражат көлемін 87 пайызға

(29 триллион сумға) ұлғайтып, 2024 жылы 63,1 триллион сумға жетуіне себеп болды.

Сонымен қатар кәсіпкерлерге 53 триллион сум көлемінде кедендік төлемдер бойынша жеңілдіктер ұсынылды, бұл үш жыл бұрынғы көрсеткішпен салыстырғанда 15 триллион сумға артық.

Кедендік қызметті жақсарту



мақсатында бірқатар өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, онға жуық елмен алдын ала ақпарат алмасу жүйесі іске қосылды, кедендік ресімдеу мен мәліметтерді өңдеу орталықтары құрылды, сондай-ақ 4 ірі кеден бекетінде терминалдар құрылып, 20-дан астам

жаңа жабдық орнатылды.

Бұдан тыс, кәсіпкерлер үшін 35 жаңа ақпараттық жүйе енгізілді. Нәтижеде шекарадан өтетін көлік саны 8 есеге артып, 5 миллионға жетті. Сондай-ақ жүк ресімдеу уақыты импортта 3 сағатқа, экспортта 20 минутқа дейін қысқартылды.

Кедендік ресімдерді жетілдіру үшін жасанды интеллект технологиялары белсенді түрде енгізілуде.

“Экспорт үш қадамда” бағдарламасы экспорттық декларацияларды ресімдеуді үш есе қысқартты, нәтижеде оларды толтыру уақыты 1 сағаттан 15 минутқа дейін азайды.

“Қауіптерді басқару” жүйесіне жасанды интеллект енгізіліп, импорттық тауарлардың кедендік төлемдерін толық өндіріп алу мақсатында көлік шығындарын анықтау модулі іске қосылды. Мұның арқасында 5 мыңға жуық декларация ресімделіп, бюджетке қосымша 90 миллиард сум түсті.

Тағы бір айта кетерлік жайт, Өзбекстанда сыртқы саудаға қатысатын кәсіпкерлерге бір қатар жаңалық енгізілді. Министрлер Кабинетінің 2025

жылдың 11 февраліндегі “Кеден әкімшілігінің тәртіп-ережелерін жетілдіру бойынша қосымша іс-шаралар туралы” қаулысы аясында сыртқы сауда келісімшарттарының саны 22-ден 6-ға дейін қысқартылды.

Бұл ең алдымен, сыртқы сауда операцияларын мониторингтеуді жетілдіруге, сондай-ақ келісімшарт шеңберінде түрлі кеден режимдерін қолдануға рұқсат берілді.

Кедендік төлемдерді кейінге қалдыру мерзімі 20 жұмыс күнінен 30 күнтізбелік күнге ұзартылды. Қауіптілік дәрежесі орташа операторлардың тауарлары 1 сағат ішінде ресімделеді.

Қазіргі уақытта елімізде 70-ке жуық өкілетті экономикалық оператор жұмыс істейді. Өткен жылы оларға 410 миллиард сумнан астам кедендік төлемдерді кейінге қалдыру және

бөліп төлеу мүмкіндігі ұсынылды.

Кәсіпкерлер үшін маңызды жаңалықтың бірі — “Экспорт және импорт мәліметтерін алу” электрондық қызметі жолға қойылды.

Бұл қызмет арқылы бизнес өкілдері экспорт-импорт көрсеткіштері туралы ақпаратты ақылы негізде бірнеше минут ішінде ала алады.

Кәсіпкерлер өздерінің кедендік жүк декларацияларын, оларға тіркелген құжаттарды және басқа да мәліметтерді кеңсесінен шықпай-ақ алу мүмкіндігіне ие болды.

Қорыта айтқанда, еліміздің кеден қызметі халықаралық стандарттарға сай жаңғыртылып, цифрландырудың жаңа кезеңіне кадам басуда. Жасанды интеллект пен заманауи ақпараттық жүйелердің енгізілуі бизнес жүргізуді айтарлықтай жеңілдетіп, сыртқы сауда көлемінің одан әрі артуына ықпал етуде.

Ерсейіт БАТЫРБЕКОВ,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТ ЖӘНЕ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Мемлекет басшысы 2030 жылға қарай жалпы ішкі өнім көлемін 200 миллиард долларға жеткізу міндетін қойды. Бұл туралы жуырда Сенатта өткен семинарда жан-жақты айтылды.

Сенаттың Бюджет және экономикалық мәселелер комитеті Аймақтық өкілдік органдарының қызметін зерттеу орталығымен ынтымақтастықта жергілікті Кеңестердің Жергілікті бюджет, кәсіпкерлікті дамыту және экономикалық реформалар мәселелері бойынша тұрақты комиссиялары үшін семинар ұйымдастырды.

“2025 жылға арналған Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік бюджеті туралы” Занның орындалуы бойынша атқарылатын шаралар, сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджеттер арасындағы қарым-қатынас мәселелері талқыланды.

Айтылғандай, 2025 жылға арналған мемлекеттік бюджеттің параметрлері, бюджет тапшылығы әлемдік экономикадағы белгісіздік пен геосаяси жағдайдың еліміздің экономикасына әсерін жұмсарту, сондай-ақ әлеуметтік қолдауға мұқтаж халықты мемлекет тарапынан қолдауды күшейту сияқты факторларды ескере отырып жасаған.

Семинар барысында алдыңғы жылдардан айырмашылығы ретінде “2025 жылға арналған Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік бюджеті туралы” Заңға бірқатар жаңа нормалар енгізілгені туралы егжей-тегжейлі түсіндірілді.

Атап айтқанда, заңда мемлекеттік медициналық сақтандыру механизмдері енгізілген өңірлерде тиісті аудандық және қалалық бюджеттердің резервтік қорлары осы механизмдер енгізілген жыл-

дан бұрынғы жылдың көлемінен кем емес мөлшерде қалыптастырылуы белгіленген.

Бұл ретте мемлекеттік медициналық сақтандыру механизмдері енгізілген аймақтарда қосымша қаражат қалыптастыру тиісті жоғары тұрған бюджеттердің резервтік қорларының қаражатын азайту есебінен жүзеге асырылатыны көзделген.

Сонымен қатар, биылдан бастап жергілікті Кеңестердің өкілеттері де кеңейтілді.

Қарақалпақстан Республикасының Жоқарғы Кеңесі, облыстар мен Ташкент қаласының халық депутаттары Кеңестеріне аудан және қалалардың экономикалық даму деңгейіне қарай жеке кәсіпкерлер үшін бекітілген салық мөлшерлерін белгілеу құқығы берілді.

2025 жылдан бастап оларға су салығының мөлшеріне 0,7-ге дейін төмендететін және 1,5-ке дейін арттыратын коэффициент қолдану секілді бірқатар жаңа өкілеттер беріліп, аудан (қала) жергілікті бюджеттерінде қалатын кірістер құрамы кеңейтілді.

Семинар соңында жергілікті Кеңестердің Жергілікті бюджет, кәсіпкерлікті дамыту және экономикалық реформалар мәселелері бойынша тұрақты комиссияларына қажетті ұсыныстар берілді.

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенатының Ақпарат қызметі.

Мемлекет басшысының 14 февральда жастармен

Көзқарас

ЖАСТАР МӘСЕЛЕСІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТ

Бүгінде әлем халқының 20 пайызға жуығын жастар құрайды. Өзбекстанда бұл көрсеткіш 60 пайыздан асады. Жыл сайын еңбек базарына 600 мыңнан астам жігіт-қыздардың кіріп келуін, ал 2030 жылға қарай бұл көрсеткіш 1 миллион адамға жететінін ескерсек, жастар мәселесі қашанда мемлекетіміз үшін әрқашан тұрақты және стратегиялық міндет болып қала бермек.

Расында, біз адам әлеуетін жүзеге асыруға бағытталған, Жаңа Өзбекстанды және бүгінгі өміріміздің мән-мазмұнына айналған Үшінші Ренессанс іргетасын құру сияқты ұлы мақсаттарға жету үшін жастардың күшіне сүйенеміз.

Мемлекет басшысының 14 февральда жастармен өткен кезекті ашық сұхбатында осындай мәселелер талқыланып, шешу жолдарына ұсыныстар айтылып, міндеттер жүктелді.

Рас, жастарды жұмыспен қамтамасыз ету, олардың талпыныстарына жағдай жасау нәтижесінде соңғы 8 жылда жас кәсіпкерлер саны

Мемлекеттік саясат — іс жүзінде

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖҮЙЕСІ ЖЕТІЛДІРІЛДІ

Білім беру сапасын арттыру және педагогтардың кәсіби деңгейін әділ бағалау мақсатында педагогтарды аттестациядан өткізу, кәсіби сертификаттау және ынталандыру жүйесі жетілдіріледі.

Министрлер Кабинетінің 2025 жылғы 28 февральдағы қаулысына сәйкес, Үкіметтің кейбір қаулыларына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Бұл өзгертулер білім беру саласындағы тәжірибелі мамандарды қолдауға және олардың еңбегін лайықты бағалауға бағытталған.

Жаңа қаулыға сәйкес, 2025 жылғы 1 сентябрьге дейін төмендегі санаттағы педагогтар міндетті аттестациядан босатылады және олардың қолданыстағы біліктілік санаты сақталады. Атап айтқанда, 15 жыл бойы жоғары біліктілік санатын (бас

оқытушы лауазымын) сақтаған және үздіксіз еңбек өтілі бар педагогтар, 25 жыл немесе одан көп педагогикалық еңбек өтілі бар мұғалімдерге, сондай-ақ зейнеткерлік жасына шығуына 5 жылдан аз уақыт қалған педагогтар мен зейнет жасындағы, бірақ әлі де білім беру саласында қызмет етіп жүрген педагогтар.

Бұл өзгеріс тәжірибелі мұғалімдерді қайта аттестациялаудың қажеттілігін жойып, олардың кәсіби жетістіктерін ескере отырып, еңбек жағдайларын жақсартуға мүмкіндік береді.

Қаулыда тәжірибелі педагогтар-

дың еңбегін мойындау мақсатында тікелей біліктілік беру тәртібі енгізілген. Белгілі бір талаптарға сәйкес келетін мұғалімдерге қосымша сынаксыз біліктілік санаты (лауазымы) беріледі. Атап айтсақ, 25 жыл және одан көп педагогикалық еңбек өтілі бар мұғалімдерге — олардың қолданыстағы біліктілік санаты (лауазымы), зейнетке шығуына 5 жылдан аз уақыт қалған педагогтарға — олардың қолданыстағы біліктілік санаты (лауазымы), сондай-ақ 15 жыл бойы жоғары біліктілік санатын сақтаған және үздіксіз еңбек өтілі бар педагогтар — жоғары біліктілік санаты (бас оқытушы лауазымы) беріледі.

Бұл өзгеріс ұзақ жылдар бойы табанды еңбек еткен мұғалімдердің мәртебесін арттырып, олардың кәсіби дамуын қолдауға бағытталған.

қызмет) үшін тұтынушыға келген зиян өндіруші (орындаушы, сатушы) тарапынан толық көлемде өтеледі.

Байқап қарасақ, тұтынушының құқығын қорғайтын заң нормалары бар, бірақ онлайн сауда бойынша да тиісті тәртіптер нақты белгіленсе, орынды болар еді. Рас, саланы реттеу үшін “Электронды сауда туралы” заң қабылданған, онда тиісті нормалар көрсетілген. Алайда Монополия комитетінің зерттеулеріне сүйенсек, интернет-дүкендер қызметінде заңдылық талаптарын жетілдіруге мұқтаж тұстар аз емес. Өйткені бүгін халық сенім артып, сауда жасап жүрген онлайн дүкендер арқылы түрлі алаяқтық әрекеттер көбейіп кетіуі мүмкін. Себебі қай әлеуметтік желіге кірсеңіз де, түрлі тауардың жарнамасына тап боласыз. Бірақ олардың тауарына ешқандай кепілдік берілмейді.

Негізінде, бұл — адамдар үшін өте қолайлы жағдай. Интернет арқылы қажетті тауарлардың бірнешеуін қарап шығып, түрі мен түсі, бағасы көңіліңізден шықса, бір түймені басып тапсырыс бересіз. Арada бір күн өтпей жатып, тауарыңызды үйіңізге дейін әкеліп береді. Базар не дүкен аралап шаршамайсыз. Сол сияқты онлайн қызмет көрсететіндерге жүгіну де өте ыңғайлы. Алайда теңгенің екі жағы болғанындай, электронды дүкендердің де тиімсіз тұстары жеткілікті. Оның бастысы — тауар сапасының талапқа сай болмауы.

— Зейнеттемін, уақытымның көбін үйде өткіземін, — дейді онлайн дүкеннен жиі тауар алатын Айдана Молдашева. — Көшеге шығуға денсаулығым жарамайды. Көбіне дәрі-дәрмек қажет болғанда онлайн дәріханалардың қызметі көмектеседі. Кейде киім не азық-түлік алуға да соларға жүгінемін. Бірақ сақтықты да ұмытпау керек. Себебі бір жолы буын ауруына шипа болады деген дәрі мүлдем көмектеспеді. Оның ішінде не бар екенін де білмедім. Енді сынақтан өтпеген дәріні тапсырыс етпеймін.

— Бірнеше рет онлайн дүкендерден тауар сатып алдым, — дейді Алия Иброгимова. — Өкінішке орай, жарнамаланғандай жоғары сапалы болмады, оның үстіне өлшемі де сай келмеді. Сол дүкендерден алған киімдер әлі киілмей тұр. Енді ондай дүкендерден зат сатып алмауға шешім қабылдадым.

— Жақында мен де онлайн сатушылармен сөзге келіп қалдым, — дейді тағы бір тұтынушы Бахадир Эргашев. — Жіберілген тауар өлшемі тапсырыс бергенімнен әлдеқайда үлкен болып шықты. Оның үстіне өлшемі жазылған этикеткалары да қылып тасталған екен. Сол онлайн дүкенмен қайта байланысып, біраз тартыстым. Алғашында ақшаны қайтармаймыз деп, өз шартын жүргізбек болды. Тұтынушы ретіндегі

мамандандырылған білім беру орталықтарын ашқан білікті жастарға 120 миллион сумға дейін пайызсыз несие беріледі. Сондай-ақ, жекеменшік білім беру орталықтарында шет тілін оқытын жастардың “2+6” айлық төлем-қысы өтеледі. IT секторындағы “Бір миллион бағдарламашы” жобасына қосымша 300 мың жас жұртылады.

Жиында жастармен жұмысты жаңа деңгейге көтеруге қызмет ететін тағы да ондаған жобалар айтылып, қаржы көздері, жауапты тұлғалар анықталды.

Әрине, заң шығарушы орган — Олий Мажлис Зан шығару палатасының депутаттарына жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз етуде, парламент бақылауын күшейтуде үлкен жауапкершілік жүктеледі.

Умида РАХМОНОВА, Олий Мажлис Заң шығару палатасының депутаты.

Сонымен қатар білім беру саласын жетілдіру аясында тағы бірнеше маңызды бастамалар жүзеге асырылады. Атап айтқанда, музыка мәдениеті мен дене шынықтыру пәні мұғалімдерін, зейнет жасындағы педагогтарды және жоғары білімі жоқ мұғалімдерді аттестациядан өткізу жүйесі қарастырылады, мектепке дейінгі және мектепте білім беру жүйесінде қызмет ететін білікті педагог кадрлар мен үздік қызметкерлерді ынталандыру механизмдері күшейтіледі, сондай-ақ мектепке дейінгі және мектепте білім беру министрі қорының қызметін жетілдіру арқылы мұғалімдерді материалдық және рухани қолдау күшейтіледі.

Қорыта айтқанда, жаңа жүйе педагогтардың кәсіби дамуын ынталандырып қана қоймай, олардың еңбегін әділ бағалау мен қолдап-қуаттау бағытында маңызды қадам болмақ.

Б.МЕХМОНОВ, Құйышыршық аудандық әділет бөлімінің Бас кеңесшісі.

Ойды ой қозғайды

ТҰТЫНУШЫЛАР РИЗА МА?

Бүгінде базар аралап, дүкен жағалап жүретін заман емес. Телефонның түймесін түрте қалсаңыз керегіңізді үйіңізге дейін алдыруға болады. Кәсіпкерлер де ғимаратты жалға алып, шығындалмайды. Онлайн сауданың артықшылығын пандемия кезінде сезіне бастадық. Біршама адамның бизнеске келгені де осы кезден басталды.

Адам бүгінгі күннің тіршілігіне, сұранысына сай бейімделеді екен. Қазір үйде отырып, кез келген затты алдыруға мүмкіндік бар. Қаласаныз шетелден де тауар алдыруға болады. Бұрын базар жағалап шетелдің заттарын іздесек, қазір интернет арқылы сол елден тапсырыс беріп алдыра қоямыз. Тіпті азық-түлік пен тамаққа да тапсырыс беруге болады. Үйден шықпай азық-түліктен бастап киім-кешекке дейін тапсырыс бере аламыз.

Әлеуметтік желілерде онлайн дүкендердің жарнамасы көбейді. Мұндай дүкендер өз өнімдерінің жарнамасын соншалықты шебер жасағандықтан оларға назар аудармай өту мүмкін емес. Әсіресе, танымал өнер жұлдыздары мен блогерлердің осындай онлайн дүкендердегі өнімдерді жарнамалауы адамдардың сенімін одан сайын арттырып отыр. Өкінішке орай, онлайн дүкендерден биологиялық белсенді коспалар, киім-кешек, парфюмерия секілді тауарларды сатып алып, алданғандар жиі кездесуде.

Монополия комитетінің мәліметіне қарасақ, 2024 жылы электронды сауда саласына қатысты 1328 шағым түскен. Солардың 81,9 пайызы (1085) қанағаттандырылып, оң шешімін тапқан. 14,3 пайызы (190) бойынша түсініктеме берілген. 1,3 пайызы (17) өкілетті органдарға жолданған. 33 өтініш қазіргі уақытта қаралу үстінде. Комитеттің электронды сауда саласында жүргізген талдауының нәтижесінде 423 тұтынушының құқығы тіктеліп, 88,9 миллион сум тұтынушылардың пайдасына қайта есептелген, сондай-ақ 31,6 миллион сумдық тауар ауыстырылған.

Бұл мәселеледе шағымдардың негізгі бөлігі (77,9 пайыз) тұрмыстық техника сатылымынан түскен, бұл жағдай тауарлардың ақаулы болуымен байланысты. Атап айтқанда, ең көп шағым “Uzum Market” (39,6 пайыз), “Alif Shop” (9,9), “Uzum Nasiya” (6,5) плат-

формаларына қатысты тіркелген. Сондай-ақ бұл тізімде “ZoodMall” (6), “Asaxiy uz” (3,8), “IDEA” (2,5), “Hopshop” (2,1) және “100K uz” (2,1) сияқты маркетплейстер де бар.

Бұдан тыс, комитет азаматтардың платформаларға жолдаған шағымдарының шешілу барысын да сараптаған. Нәтижесінде “Openshop uz” (шағымдардың 100 пайызы шешілмеген), “Hopshop” (92,9), “Sello uz” (87,5), “Uzum Market” (60,2), “Uzum Nasiya” (66,3), “Alif Shop” (67,2), “Sandiqshop” (21,4) және “Booknomy” (28,6) электронды сауда платформалары азаматтардың шағымдарымен жұмыс істеуде, мәселені шешуде салғырттыққа жол бергені анықталған.

Осыдан көрініп тұрғандай, электронды саудада тұтынушылардың құқығын қорғауға айрықша назар аударатын кез келді. Аты аталғандардың көпшілігі еліміздегі танымал платформалар. Егер солардың өзі тұтынушыға осындай көзқараспен қараса, басқаларынан не күтуге болады? Оның үстіне, онлайн сатылымынан алынған тауарлар сапасыз болып шыға берсе, ал оның жауапкершілігі ешкімде болмаса, мұндай жағдайлар салада заңбұзушылықтардың көбеюіне әкеліп соқтырады. Ал адамдар алданған үстіне алдана береді.

Мысалы, интернет-дүкендер тапсырысыңызды жеткізіп береді, бірақ сіз таңдаған тауардың орнына мүлдем басқа тауар келгенін көресіз. Оларға қайта хабарлауыңыз келсе, тауарды алмастыруды сұрасаңыз, бірден байланысын үзіп, сізді “қара тізімге” қосып жіберсе, оны қалай табасыз? Ең өкініштісі — онлайн дүкеннің нақты мекенжайында білмейсіз мүмкін. Осы ретте атап өткен жөн, кейбір онлайн сауда жағдайларынан алаяқтық қылмыстар да туындауда. Кейбіреулер анқау адамдарды алдап, жалған жарнамаға сендіріп, ақшасын алдын ала төлетіп, ізсіз

жоқ болып кетіп жатыр. Алайда барлығы бірдей емес. Онлайн саудамен айналысып, клиентін қанағаттандырып отырғандар да бар.

Егер онлайн сатып алған тауарыңыз сапасыз болып шықса, ал сатушы оны сапалы тауарға ауыстырып бермесе, не істеу керек? Егер сіз осындай жағдайға тап болсаңыз, тұтынушы ретіндегі құқығыңыз бұзылды деп саналады. Бұл ретте заңнамамызда тиісті шаралар қарастырылған. Мәселен, Азаматтық кодекстің 408-бабына сәйкес, егер тауардың кемшіліктері сатушы тарапынан алдын ала ескертілмеген болса, тиісті сапада емес тауар алған сатып алушы осы кодекстің 434-бабында көзделген құқықтарға ие болады. Яғни, егер сатып алушыға тиісті са-



падағы тауар орнына кемшілігі бар тауар сатылғаны келісімшарт жасасу барысында ескертілмесе, сатып алушының қалауына қарай, дәл сол маркадағы (модельдегі, артикуладағы) тиісті сападағы тауарға ауыстырып алу, сатып алу құны қайта есептеліп, басқа маркадағы (модельдегі, артикуладағы) тиісті сападағы тауармен ауыстыру, тауардың кемшіліктерін тегін жоюды не сатып алушы немесе үшінші тұлға тарапынан кемшіліктерді жоюға шыққан шығындарды өтеуді талап ету, сатып алу құнын тиісті деңгейде төмендету, тигізген зиянды өтеп, шартты бұзу құқығын қолдану мүмкіндігі бар.

Сонымен қатар тауар үшін төленген ақшаны сатып алушыға қайтару кезінде сатушы тауарды толық не

жартылай пайдаланғаны, тауардың бастапқы түрінен өзгеруі немесе осыған ұқсас себептермен тауар құны қаншалықты арзандаса да, сол соманы ұстап қалуға құқығы жоқ.

Егер сатушы бұл талаптарды орындаудан бас тартса, сіз Монополия комитетіне шағымданып немесе азаматтық сотқа арыз беріп, көрілген зиянды өтетуді және шарттың бұзылғанын айтып талап ете аласыз.

Тағы бір жайт, “Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы” заңның 7-бабына сәйкес, тауар (жұмыс, қызмет) туралы жалған мәлімет берілген жағдайда тұтынушының қандай құқықтары бар екені айтылған. Яғни, егер тауар (жұмыс, қызмет) туралы жалған не жеткілікті деңгейде толық емес мәлімет беру салдарынан,

қажетті тұтынушылық қасиеттері жоқ тауар (жұмыс, қызмет) сатып алынып жатса, тұтынушы шартты бұзуға және өзіне келген зиянның өтелуін талап етуге құқылы. Сондай-ақ сатып алынған тауарды (жұмысты, қызметті) мақсатты түрде пайдалануға кедергі болатын болса, тұтынушы қажетті мәліметтің қысқа мерзімде (ен көбі үш күн) берілуін талап ете алады. Егер мәлімет аталған мерзімде берілмесе, тұтынушы шартты бұзып, зиянның өтелуін талап етуге құқылы. Сатып алынған өнім тұтынушының өмірі мен денсаулығына немесе мүлкіне зиян тигізген жағдайда, ол өндірушіге (орындаушы, сатушы) заңда көзделген талаптарды қоюға құқылы. Жалған жарнама салдарынан сатып алынған тауар (жұмыс,

Гүлзат ҚҰРБАНОВА, “Нұрлы жолдың” тілшісі.

Құқық пен мүдде бір

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУДАҒЫ ҰЙЫМ

Таяуда Ұлттық баспасөз орталығында Өзбекстан Республикасы Көзі зағиптер қоғамы атқарылған жұмыстары мен өзекті мәселелері туралы баспасөз конференциясын өткізді.

Өзбекстан көзі зағиптер қоғамы көру бойынша мүгедектігі болған тұлғалардың ерікті мүшелігіне негізделген Беймемлекеттік бей-коммерциялық ұйым саналып, ол көзі зағиптердің құқығы мен мүддесін қорғау, оларды әлеуметтік қолдап-қуаттау, оналту, әлеуметтік интеграциялау, құқықтары және тең мүмкіндіктермен қамтамасыз етуге көмектесу үшін Республикалық деңгейде қоғамдық бірлестік ретінде ұйымдастыру-құқықтық формада құрылған. Қоғам жүйесіндегі Қарақалпақстан Республикасы, облыстар, Ташкент қаласы бөлімдерінің, сондай-ақ аудан, (қала) және аудан-аралық бөлімшелері Өзбекстан Республикасы Әділет министрлігінің тиісті кеңселерінен мемлекеттік тізімнен өткен және заңды

тұлға мәртебесіне ие.

Елімізде көзі зағиптер қоғамда бірінғай күш саналады. Үш буыннан құралған Өзбекстан көзі зағиптер қоғамы құрамында қазірде 1 Орталық Басқару, 14 аумақтық бөлім 194 махал-ла бөлімшелері, 59 “УИЧК” ЖШҚ, 2 демалыс орны, 3 көмекші қожалық, 1 “Жаңа жол” жүрек және жүйке аурулары демалыс орны, ӨзКЗҚ “Бир сафда” журналы редакциясы, “Саньат гулшани” ЖШҚ, сондай-ақ аумақтық бөлімдер мен кейбір УИЧК ЖШҚ-лар қасында 25 еншілес кәсіпорындар жалпы 300 кәсіпорын, ұйымдар мен мекемелер көзі зағип азаматтарға қызмет көрсетуде.

Бүгінде елімізде 76 мың 20-ға жуық көзі зағиптердің 64 мың 244-ке жуығы қоғам есебіне алынған. Жалпы

жұмыс істейтін көзі зағиптер саны 2987-ге жуық, соның 1539-ға жуығы қоғам кәсіпорындарында, 557-ге жуығы қоғам жүйесінде және 1209 жүйеден тыс түрлі ұйымдарда қызмет етуде.

Өзбекстан Республикасы Президентінің 2022 жылдың 29 апреліндегі 230-саны қаулысы, 7- пункті негізінде 2023 жылдан бастап мүгедектігі болған тұлғалар қоғам бірлестіктері, сонымен қатар Өзбекстан көзі зағиптер қоғамы Орталық Басқаруы, оның аумақтық бөлімдері мен жергілікті бөлімшелері қызметкерлерінің еңбекқақысы үшін субсидиялар бөлінді.

Сонғы 5-6 жыл ішінде Өзбекстанда басқа адамдар қатарында мүгедектігі болған тұлғалардың заңды құқықтық мүдделерінің қорғалуына баса назар аударылуда десек қателеспейміз. Ол үшін Өзбекстан Республикасында мүгедектігі болған тұлғалар мәселелерін шешуге байланысты 2022 жылғы 15 октябрьдегі “Мүгедектігі болған тұлғалардың құқықтары туралы” УРҚ 641-санды және 2021 жыл-

ғы 7 июньдегі “Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны (Нью-Йорк, 2006 жылы 13 декабрь) ратификациялау туралы” қаулысының 695-санды заңдары қабылданып, олардың басқалар сияқты тең жасаулары үшін азаматтарды жан-жақты оналтуға белсене қатысуда. Қоғам Азия және Бүкіл дүниежүзі көзі зағиптер ұйымының тең құқылы мүшесі.

“Дизайн-Принт УИЧК” ЖШҚ 2003 жылы құрылған, жазушы, кәсіпкер Набижан Хошимов негізін қалаған. Ол 2003 жылдан 2004 жылға дейін жұмыс жүргізіп, қазірде осы кәсіпорынға Шерзат Хошимов жетекшілік етуде. Кең салалы болған кәсіпорындардың бірі.

2017 жылы кәсіпорын қасынан “Ижод-пресс” деп аталатын баспасөз бөлімі де қызмет көрсете бастады.

2018 жылы кәсіпорын қызметін кеңейтуге қаратылған үш басқышты жаңғырту шаралары аясында

“Узсаноатқурилиш” банктен алынған 4 миллиард сум несиеге Қытайдан кітап беттерін бүктеу, қағаз және желім хаттарға түрлі түсті таңбалар нұсқасын басып, дәптер тігу, қатты мұқаба, қалып және қорап жасауда қолданылатын қондырғы, арнайы әріптер, 4 түсте жарияланатын автоматтандырылған қондырғылар, сағатына 2000 кітапты желімдейтін термоклей, қағаз кесу, тігу, беттеу және мұқабаларын жіппен тігу міндетін орындайтын 11 заманалық және үнемдейтін қондырғылар әкелінді. Бұрын 5000 нұсқадағы кітаптың түстерін шығару үшін бір күн уақыт кетсе, қазірде жарты сағатты орындау мүмкін.

Елімізде 1500-ден астам баспахана қызмет көрсетіп жатқан бүгінде полиграфия саласында күшті бәсекелестік ортасы қалыптасқан. Дизайн Принт УИЧК ЖШҚ басшысының бастамасымен кәсіпорынға брайль әліппесінде басуға арналған “DRAYLLO 650 sw2” принтері Норвегия елінен әкелінді. Оны үйрену үшін

Түркиядан арнайы маман кадрлар тартылып, қондырғы орнатылды. Бұл құрылғы Өзбекстанға бірінші әкелінген брайль әліппесінде жарияланған заманалық жиназ саналады. Сондай-ақ принтер 1 сағатта 1950 бет шығару қуатына ие. Осы істер арқылы 30 жаңа жұмыс орны ашылды.

Кәсіпорын басшылары 2018 жылдан бастап әр жылы жұмысшыларды әлеуметтік қолдап-қуаттау, қажетті еңбек және демалыс жағдайларын жасауға үлкен назар аударуда. Кәсіподақ ұйымының көмегімен әр жылы жаз мусымында “Янгийул”, “Чинобод”, “Ботаника”, “Чимен”, “Чортот” сияқты демалыс орындарына 4, балалар лагерлеріне 2 жеңілдетілген жолдамалар берілген. Түрлі мерекелерде дастарқандар жайылып, жұмысшыларға ақшалай сыйлық пен азық-түлік өнімдері қайырымдылық ретінде беріледі. Сонымен қатар оларға тегін түстік те беріледі. Бүгінде УЗКОЖ “Дизайн Принт УИЧК” ЖШҚ-да жалпы жұмыс істейтіндер саны 24, олардан 15-ін жуығы көзі зағиптер құрайды. Осы кәсіпорында бүгінде 2 цех, баспа мен полиграфия бағыттары қызмет көрсетуде.

Ж.МОЛДАШЕВА,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

Білім негізі — бастауышта

Бастауыш сынып мұғалімдері – білім беру жүйесінің жүрегі, болашақ ұрпақтың тұлғалық дамуына негіз қалайтын, маңызды рөл атқаратын мамандар. Олардың басты миссиясы — жас оқушыларға сапалы білім беру және оларды жан-жақты дамыту. Мұғалім тек білім беруші ғана емес, ол баланың рухани тұрғыда қалыптасуына, ой-өрісінің кеңеюіне әсер ететін тұлға.

БАСТЫ МИССИЯ

Қазіргі таңда бастауыш сынып мұғалімдерінің алдында үлкен міндет тұр. Олар оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық пен сыни ойлау қабілеттерін дамытуы керек. Сонымен қатар әрбір баланың өзіндік ерекшелігін ескере отырып, оның жеке тұлғасын қалыптастыру, жаңа заманның талаптарына сай тәрбиелеу — мұғалімнің басты мақсаты.

Заманауи мұғалімдер тек дәстүрлі оқыту әдістерімен шектеліп қалмастан, жанашылдыққа ұмтылады. Олар ақпараттық технологиялар мен цифрлық ресурстарды тиімді пайдаланып, интербелсенді әдістер арқылы оқушылардың белсенділігін арттырады. Мұғалімдер тек теориялық білімді жеткізіп қана қоймай, оны өмірмен байланыстыра отырып, балалардың қызығушылығын оятады. Сондай-ақ балалардың санасына адамгершілік құндылықтарын, еңбексүйгіштік пен жауапкершілікті сіңіріп, оларды өмірге дайындайды.

Бастауыш сынып мұғалімінің міндеті — баланың тек білімін арттыру ғана емес, оның өмірге деген көзқарасын қалыптастыру, өзін-өзі басқаруға үйрету, топта жұмыс істеуді дамыту. Мұғалім, ата-ана және оқушы арасындағы серіктестік — білім сапасын арттырудың негізгі факторы.

Шетелдік оқыту әдістері қазіргі таңда бастауыш сыныптарда кенінен қолданылып, мұғалімдердің жұмысын жақсартуға ықпал етуде. Финляндия, Сингапур, АҚШ және Жапония сияқты елдердің білім беру жүйелеріндегі жаңа әдістерді пайдалану, интербелсенді оқыту мен топтық жұмысқа негізделген тәсілдер оқу үдерісін тиімді етеді. Бұл әдістер оқушылардың шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын дамытуға, олардың өзіндік әрекеттерін арттыруға көмектеседі.

Бұл әдістер оқушылардың білім сапасын арттырып, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін жетілдіруге мүмкіндік береді. Бірақ жаңа әдістерді енгізу барысында әрбір мұғалім өз білім беру жүйесіне сай тәсілдер мен әдістерді тандап, оларды ұлттық ерекшеліктерге бейімдеп қолдануы тиіс.

Қорыта айтқанда, қазіргі бастауыш сынып мұғалімдерінің басты миссиясы — болашақ ұрпақты біліммен қанағаттандыру ғана емес, олардың жан-жақты дамуына ықпал ету, өзіндік ойлау қабілетін қалыптастыру. Бұл міндетті орындау үшін мұғалімдер үнемі жанашылдыққа ұмтылып, өз кәсіби шеберліктерін арттыруы қажет. Тек осылайша біз білімді, тәрбиелі, бәсекеге қабілетті тұлғаларды тәрбиелей аламыз.

Ақжарқын САДИРБЕКОВА,
Шыршы мемлекеттік педагогика университеті Бастауыш білім факультетінің студенті.

Есептер берілді

КАДРЛАР МӘСЕЛЕСІ НАЗАРДА

Қазірде республика бойынша кәсіподақ ұйымдарында есеп беру-сайлауларының өтіп жатқаны белгілі. Алмалық кен-металлургия комбинаты кәсіподақ бірлестігінің цех ұйымдарында үстіміздегі жылдың февраль айы қорытындысы бойынша есеп беру сайлауы, комбинатқа қарасты 274 цех ұйымының 171-де сайлау өткізілді.

Онда жаңадан сайланған цех ұйымдарының басшыларымен таныстыру және оның мақсат-міндеттері бойынша білімін арттыру мақсатында 25 цех комитетінің төрағасы Өзбекстан Кәсіподақ ұйымдары Федерациясының білім жетілдіру институтында өздерінің білімі мен дағдысын жетілдірді.

Оқу бағдарламасы аясында Кәсіподақ ұйымдары Федерациясының жоғары білікті мамандары мен “Алмалық кен-металлургия” акционерлік қоғамы-

ның кәсіподақ ұйымы аппаратының білікті қызметкерлері кәсіподақ ұйымы қызметінің әрбір үстем бағыты бойынша білім беруде. Сондай-ақ озат жұмыс тәжірибелері бұқараландырылуда.

Бұдан тыс, тыңдаушылар Өзбекстан Кәсіподақ ұйымдары тарихы мұражайына барып, Өзбекстан Кәсіподақ ұйымдарының 120 жылдық тарихымен танысты. Сондай-ақ оқу бағдарламасы аясында тыңдаушылар Өзбекстан ұлттық академиялық драма театрын-

да “Өткен күндер” спектаклін тамашалады.

Сонымен қатар өзінің кәсіподақ ұйымындағы бастапқы қадамымен және бүгінгі дейін жинақтаған тәжірибесімен бөлісу мақсатында “Алмалық кен-металлургия” акционерлік қоғамы қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымында көп жылдық тәжірибесі бар және озат кәсіподақ ұйымы қызметкерлерінен Мысты балкыту зауыты кәсіподақ ұйымы комитеті төрайымының орынбасары С.Наринбоева және Орталық қайта жөндеу-механика зауытының төрағасы Р.Хамраевтардың қатысуымен тыңдаушылармен дөңгелек үстел сұхбаты өтті.

У.ЖАЛИЛОВА,
АКМК қызметкерлері кәсіподақ ұйымы аппаратының ұйымдастыру істері бойынша жетекші маманы.

ЖҮЙЕНІ ЖАҚСARTУДАҒЫ ІС-ӘРЕКЕТТЕР



“Худудгазтаъминот” акционерлік қоғамы өткен жыл барысында тұтынушыларға 22,5 миллиард текше метр газ, сондай-ақ 621,1 мың тонна сұйылтылған газ жеткізіп отырған. Республикада газды үлестіру жүйесін 2024/2025 жылғы күз-қыс мезгіліне дайындау мақсатында 175,4 км газ құбыры толығымен қайта жөнделді. Мұның нәтижесінде 145 мың тұрғын үйдің газбен қамтамасыз етілу жүйесі жақсарды.

Осы сынды мәселелерге орай, “Худудгазтаъминот” акционерлік қоғамының өткен 2024 жылы атқарылған істері мен алдағы жоспарлары жайлы есебі тыңдалды. Мәлімдеуінше, тұтынушыларға газбен қамтамасыз етуді жақсарту мақсатында 443 мың тұрғын үйге регуляторлар орнатылып, қамтамасыз ету екі басқышты жүйеге өткізілді. Сондай-ақ 1 миллион 557 мың ескірген газ жиһаздары заманалық энергия нәтижелілігіне ауыстыры-

лып, 112,2 миллион текше метр табиғи газ үнемделген. Бұдан тыс, 478 газды жеткізіп беру пункті күрделі қайта жөнделіп, 52,5 мың данасы техникалық тексеруден өткізілді. 6,7 мың км газ құбыры сынақтан өткізіліп, 7,3 мың км жер асты газ құбырының жағдайы тексерілді. Аумақтарда 6,6 мыңға бөліп беру пункті демонтаждалып, оның нәтижесінде технологиялық жоғалтулар 2,5 миллион текше метрге дейін азайтылды.



Сұйылтылған газбен қамтамасыз етуді жақсарту мақсатында 35,4 мың дана қосымша тұрмыстық газ баллоны жеткізіп берілді. 2024 жылдың соңында Ташкент облысының Бостандық ауданында қуаты 29 тоннадан тұратын жаңа газ толтыру құрылғысы іске қосылды. Жызақ, Бұхара, Қашқадария, Наманган, Самарқанд, Сұрхандария және Хорезм облыстарында 21 жеке газ толтыру құрылғысы жұмылдырылып, сақтау қуаты 902 тоннаға, ал толтыру қуаты 12,3 мың тоннаға жеткізілді.

Сонымен қатар энергия ресурстарын зәнсыз пайдалану жағдайларының алдын алу мақсатында Комплекенс бақылау басқармасы тарапынан 37,1 мың заңбұзушылықтар анықталып, жалпы 676,2 миллиард сумдық 408, 3 миллион текше метр табиғи газ көлемі қайта есептелді. Сондай-ақ сұйылтылған газ баллондары заңсыз сақталып

жатқан 187 бункердің қызметіне шек қойылып, 104,5 тонна сұйылтылған газдың заңсыз саудасына шек қойылды.

Жалпы, “Худудгазтаъминот” акционерлік қоғамы тарапынан 2025 жыл барысында тұтынушыларға 22,9 миллиард текше метр газ және 663,8 мың тонна сұйылтылған газ жеткізіп беру жоспарланған. 180,9 газ құбыры толығымен қайта жөнделіп, 522 газ жеткізіп беру пункті қайта жөнделді. 250 мың тұрғын үйге жаңа газ регуляторы орнатылып, газбен қамтамасыз ету жүйесі одан әрі сенімді жағдайға келтірілді. Бұдан тыс, сұйылтылған газ жеткізіп беру үдерісін одан әрі жақсарту мақсатында қосымша 50 мың дана тұрмыстық газ баллоны салтылып, 25 мың дана газ баллонының резерві жасалады.

Гүлжамал БАЙТӨРЕЕВА,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

Ауыл шаруашылығында

ЖАҢА ҚАДАМ

Ауыл шаруашылығы министрі Иброхим Абдурахмоновтың төрағалығымен өткен жиында мақта және астық жинау үдерісін толық цифрландыру мәселелері талқыланды.

Министрдің орынбасары Кахрамон Юлдашев, орталық аппарат өкілдері мен “Агроөнеркәсіпті цифрландыру орталығы” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі басшылығының қатысуымен ұйымдастырылған жиында егін жинау науқанының ашықтығын қамтамасыз ету және адам факторынсыз автоматтандырылған жүйені құру бойынша шешімдер талқыланды.

Жиында “Егін қабылдау” ақпараттық жүйесін жаңғырту бойынша У.Махмудов баяндама жасады. Түсаяксерде жүйені тиісті платформалармен интеграцияланған істерін жеделдетілген қарқынмен жүзеге асырылуда, алдағы уақытта “Агротарои” бағдарламалық қамтамасыз етуді дамыту, фермерлік шаруашылықтары мен агроөнеркәсіптік кластерлер үшін жеке кабинеттер құру, сондай-ақ жүйені енгізу және сынақтан өткізу жоспарлары талқыланды.

Министр Иброхим Абдурахмонов жұмысшы тобының егін жинау науқанына дейін атқарған жұмыстарымен жақыннан танысып, бұл жаңғыртудың басты мақсаты цифрларды дұрыс көрсету арқылы ашықтықты қамтамасыз ету екенін атап өтті.

Осыған орай, жүйенің мінсіз жұмыс істеуі үшін орталық аппаратта ғана емес, жергілікті қабылдау пункттерінде де ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, жүйенің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету және адам факторының қателіктерін азайту, ғылым, техника және жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану жөнінде тапсырмалар берілді.

Сонымен қатар жиналыста ақпараттық жүйедегі мәліметтің ашықтығын қамтамасыз ету, жүйенің мобильді қосымшасын жасау, қабылдау пункттерінде қолданылатын технологиялар мен жабдықтардың тізбесін әзірлеу сияқты мәселелер кенінен талқыланды.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ақпарат қызметі.

Кәсіподақ ұйымдарында

ФЕДЕРАЦИЯ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ АМЕРИКАДА

Өзбекстан Кәсіподақ ұйымдары Федерациясы Балалардың демалысын ұйымдастыру және сауықтыру департаментінің делегациясы Америка Құрама Штаттарындағы Америка лагерьлері Ассоциациясы (American Camp Association) президентінің шақыруымен “Лагерь мінезді қалыптастырады” ұранымен ұйымдастырылған халықаралық конференцияға қатысты.

Америка лагерьлер Ассоциациясы 1910 жылы құрылған және ол АҚШ лагерьлері бағдарламаларының қауіпсіздігі мен сапасы үшін жоғары стандарттарды әзірлейтін және лагерьлерді аккредитациядан өткізетін беделді ұйым. Ассоциацияның бір ғасырдан астам қызметінің нәтижесінде АҚШ лагерьлерінің әлемдегі ең жақсы, қауіпсіз, сапалы және бейбіт лагерьлерге айналуы кездейсоқ емес. Бүгінде бұл ұйым Құрама Штаттардағы балаларға, жасөспірімдерге, жастарға, отбасыларға және тәуелсіз білім алушыларға арналған 3765 түрлі лагерьлерді біріктіреді.

14 елден 2000-ға жуық делегат қатысқан бұл конференцияда Өзбекстан кәсіподақ ұйымдары Федерациясы төрағасының орынбасары, Балаларды демалдыру және сауықтыру департаментінің директоры Анваржон Абдумухторов Өзбекстан Республикасы Президентінің бастамасы бойынша еліміздегі балалардың денсаулығын нығайту және жастардың бірқатар жаңа жобалары бойынша атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар туралы қатысушыларға кенінен мағлұмат берді. Сондай-ақ делегация өкілдері конференция аясында ұйымдастырылған “Демалыс орындарында қолданылатын заманауи жиһаздармен, техникамен және технологиялар жәрмеңкесімен” танысты.

Сон Өзбекстан Кәсіподақ ұйымдары Федерациясы Балалардың демалысын ұйымдастыру және сауықтыру департаменті мен Америка лагерьлері Ассоциациясы арасында Достық ынтымақтастық қарым-қатынас орнату мақсатында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Ынтымақтастық туралы меморандумды іс жүзінде асыру мақсатында Өзбекстан Кәсіподақ ұйымдары Федерациясы Балалардың демалысын ұйымдастыру және сауықтыру департаментінің өкілдері АҚШ-тың Техас, Флорида және Нью-Йорк штаттарындағы бірқатар балалар лагерьлерінің қызметімен танысып, тәжірибе алмасу мүмкіндігіне ие болды.

Өзбекстан кәсіподақ ұйымдары Федерациясының Баспасөз қызметі.

Жаднама

ҰСТАЗДАН ЖАРҚЫН ЕСТЕЛІК ҚАЛДЫ

“Менің ойымша, жазушылық қатардағы кәсіп емес, құдай берген талант. Бұл маңдайға жазылған тағдыр. Осы мамандықты еш жерде үйретуге болмайды. Жазу мен медицина мектебі бар. Ол да болса, өмір бойы халқына жанашыр болып, ақиқат пен әділдікке адалдықпен қызмет ету”. Қанша тырысса да бұл ойларды кім айтқанын есіме түсіре алмадым. Бірақ кім айтса да жақсы айтқан. Расында, жазушы болу үшін ең алдымен Алланың берген дарыны болуы керек, өмір бойы халқының қуаныш-қайғысымен тату-тәтті өмір сүріп, шындық пен әділдікке адал қызмет ету керек. Өлемде көптеген мамандықтар бар. Бірақ сол мамандықтардың ішінде жазушылықтан қиыны жоқ шығар. Өйткені жазушы инемен құдық қазуы керек, әр түнде кірпік қақпай, мың өліп, мың тірілуі керек. Жазушыны бір ауыз сөз қуантса, бір ауыз сөз қаламын сындырады. Қолға қалам ұстау әркімнің қолынан келе бермейді. Рас, әдебиеттің өрісі кең. Өркімге орын бар. Бірақ әз сөзі, із дерті жоқ жазушының әдебиет саласында қалуы екіталай.

Ия, марқум ўстазым, Ўзбекистон Жазушылар одағининг мүшеси, маған бауырмдай болған Жамалиддин Өбдиев “Көп дүниеде жаксылык”, “Қыран қалықтайд” сияқты кітаптарымен әдебиетсүйер қауымның жүрегінен орын алып үлгерді. Ұстаз өзі сөзі, ең жолы бар дарынды қаламгер еді. Жамалиддин ағамен бір ауылда өсіп, бір мектепте оқу бақты бұйырды. Ол да ұлағатты ұстаз ретінде әдебиет әлеміне қадам басуыма себепкер болды десем, қателеспен едім.

Мен ешқашан ұмытпаймын, ол

кезде мектеп оқушысы едім. Өлең-ге толы қойын дәптерімді алып, ауданымыздың айнасы саналатын “Сұрыят” (қазіргі “Юкори Чирчиқ-лайф”) газетінің редакциясына кірдім. Жамалиддин мырза мені ашық жүзбен, шынайы қарсы алды. Қолиманн хетелеп, Өзбекстандада қызмет еткен мәдениет қызметкері, сол кезде газеттің бас редакторы болған Рахым аға Дәуітбеков (Аллаһ оны рахымаласын) отырған бөлмеге кіргізді.

— Сәлеметсің бе, ұстаз. Бұл жігіт менің жерлесім. Өлең-ге толы қойын

әлпеті бар. Мен оларды оқыдым, балаларға арналған өлеңдері дұрыс сияқты. Қарындаш ұшталған болса, газетке бере аламыз. Маған әсіресе, “Көбелек”, “Ағамның ақтауы”, “Қадыржанның арманы” сияқты өлеңдері ұнады. Кавардандық балалар ақыны Сабір Олимжон мен жазушы Хамид Мурад оған азды-кепсі поэзия ережелерін үйретті, деп Жамалиддин ағамыз таныстырды.

— Онда жақсы. Баланың өлеңдерін газеттің келесі санында “Әдебиет және өнер” бетінде жариялайтын боламыз. Айтпақшы, жас жігітке макала жазудың қыр-сырын өзіңіз үйретсеңіз, жақсы болар еді, — деді Рахым аға.

Сол күні редакциядан үйге қуанышты оралдым. Қайтып келгенде, “Өлеңдерім газетке шығады” деп, аула сыпырып жүрген анашым Құмрихан Шертайқызына мақтандым. Анам баламнан сипап, “Айналайын, өзімнің ақын баламнан” деп қуанып қалды.

Бірін күннен соң аудандық газетте Хамид Мурад, Сабір Олимжон, Санобар Умарова, Рустам Рахман, Мухаббат Ибрагимова, Абдумухтар Абдураззоков, Абдурахим Матқұлов сынды ұстаздарымның шығармаларымен қатар өлеңдерім де шықты.

Міне, сол күннен бастап менің туындыларым газет беттерінде жиі жариялана бастады.

Қателеспесем, 1987 жыл еді. “Мақта жұмысының” әділетсіз құрбаны болған Жаңажол ауданындағы Хамрақұл Тұрсынқұлов атындағы колхоздың төрағасы, марқұм нағашым Усар Жүраевтың рухына арнап “Арманды дүние” атты деректі әңгіме жаздым. Көлемі үлкен болғандықтан, оны тікелей редакцияға апараламадым. Сол кезде “Жамалиддин

ағаға апарып берейін. “Оқып, жақсы кеңес берсе жақсы болар еді”, деп олайдым.

Сол күні мен велосипедке мініп, тура Қырғыз ауылдағы Жамалиддин ағаның үйіне бардым. Бақытыма орай, ол үйде екен. Сәлемдескеннен кейін мен оған неге келгенімді айттым.

— Әңгіменің көлемі үлкен екең. Жарайды, маған қалдырып кет. Бірер аптадан соң хабарлассан оқып, өз ойымды айтамын, деді ұстаз сыпайы ғана.

Бір апта көзді ашып-жұмғанша өтешікті. “Ұстазға әңгіме ұнады ма?” деп мың ойланyp Жамалиддин ағаның үйіне бардым.

— Кел, інім, халың қалай? Мен әңгіменді оқыдым. Дүріс жазылған. Қарындашпен бір-екі жерді түрттім. Келіссен, аудандық газеттің бірнеше басылымына бөліп береміз. Сондай-ақ бірер республикалық газетке апарсан, қуана басып шығаруы мүмкін, деп Жамалиддин аға өзінің құнды кеңестерін айтты.

Ұстаздың кеңесімен әңгімені республикалық “Адолат” газетіне жібердім. Көп ұзамай “Адолат” газетінде әңгіменің үзіндісі жарияланды. Бұл арада әңгіме аудандық газеттің бірнеше нөмірінде жалғасын тауып, оқырмандар пікіріне ұсынылды.

Мүғалімге қатысты тағы бір қызық оқиға болды. Қай жылы екені есімде жоқ. Есімде қалғаны, сол күні редакцияда Баспасөз және БАҚ күні аталып өтіп жатқан. Редакцияның ауласына үстелдер қойылып, дастарқан жайылған. Алыс-жақыннан қонақтар келді. Бас редактор Рахым аға Дәуітбеков бір күн бұрын келген қонақтарды көтеріңкі кеніл күймен қарсы алу үшін барлығына тапсырма берген болатын. Шай қайнату газет қызметкері Абдурахим Мат-

улповкашай тасу Жамалиддин ағаға жүктелді. Бірақ сол күні Абдурахим Маткулов шай қайнатып отырып, қаузы түсіріп алған. Жанып жатқан жас плиткасына үлкен ыдысқа толтырып су құйып, өзі сыртқа шығып кеткен. Осы арада Жамалиддин аға шөйнеке шай демеуде қыріп, жағдайды көріп, қатып қалды. Ыдыс бос болғандықтан, отта ыдыс еріп бастапты. Кейін білдік, ыдыстың түбінде тесік бар екен, оған құйылған су ағып кеткен.

Мен 17 январьда дүниеге келдім. Сол күні үйімізге алыстан-жақыннан келген қонақтар лық толы болады. Менің отбасымның адамдары дастарқан жайып, қонақ күтпеге дағдыланған. Елу жасыма орай Ергін Усманов, Темур Убайдулла, Нуриддин Аминжон, Шавкат Түрөб, Зойир Зия, Салих Якубовтар қонаққа келді. Олардың артынан "Тико" көлігімен Жамалиддин аға да келді. Ол сыйлыққа әдемі көйлек әкелді. Қонақ-жайлылық кешке дейін жалғасты. Тіпті сол күні әнші-ақын Нуриддин Аминжон ішекті шертпе күйде "Латиф Мансур сен туылған күн" әнін орындады. Ән біткен соң Жамалиддин ағам: "Қадірлі інімнің лақап аты бүгіннен бастап Латиф Мансур болсын", деп ұсыныс жасады. Басқалар оның ұсынысын қолдады.

— Енді туған күн кешін Қумушқонда жалғастырамыз. Сорпаны да сонда ішеміз. Сол сылтаумен жолда Махмуд Тоирдың үйінен өтеміз, — деді ақын Темур Убайдулла.

Бәріміз бірге Махмуд ағаның үйіне кіріп бардық. Ақынның анасы Рафика аяның батасын алдық. Жұбайы Гүлчехра жеген енді палау пісіруді бастады. Бірақ қонақтар оның пісуін күтпей, жолға шықты. Бір-екі сағаттан соң артымыздан жанас піскен

аламун Махмуд ака, Гүлчехра женге кирип келди. Кешке карлы Кумушкон тауларына кес түскенде, конактармен коштасып, Жамалиддиннің көлігімен ауылга кайтты.

Белгілі жазушы, Өзбекстанга еңбегі сінген мәдениет қайраткері, "Театр" журналынын бас редакторы Еркін Усмановпен (қазір марқұм) шығармашылық қарым-қатынаста болды. Бір күні Еркін аға: "Інішек, ауылыңызда Өзбекстан Жазушылар одағынын мүшесі Жамалиддин Өбдиев деген талантты жазушы бар екен" деді. Ол туралы жақсы сөздерді Тұрсынбай Адашбеков пен Әзім Сүйіннен естідім. Жақында онын "Қыран қалықтаиды", "Көп дүниеде жаксылык" кітаптарына енген әңгімелерін оқыдым. Маған ұнады. Ауылга барған соң онымен кездесіп, танымсым келеді. "Даракчи", "Сугдина", "Хонадон", "Оила тилсими", "Лазза" сияқты жекеменшік газеттермен жақсы қарым-қатынастамын. Жазғандарын сол газеттерге жариялауды жөн көрдім", — деді ол.

Жаздын бір күні Каварданга келгенде Еркін Усмановқа берген уәдемің орындыам. Мен олармен кездесіп, екеуін таныстырдым. Міне, осылайша олардын арасында достық қарым-қатынас орнады. Еркін аға сөніште тұрып, Жамалиддиннің ағазын бірнеше әңгімесін газетке шығаруға атсалысты.

Иә, өлім хақ. Бәріміздің барар жолымыз бір. Бұл соңғы жол. Бірақ әрбір жақсы адамнан болашақ ұрпаққа жарқын із, жарқын естелік қалады екен. Өзім білетін, жақсы таныттын кішіпейіл ұстаз Жамалиддин Өбдиевтен жарқын естелік қалды.

Сол күні жақсы да, жаман да хабар естідім. Танертен екінші немерем Абдулланын дүниеге келгені туралы қуанышты хабарды естідім, бірақ бірнеше сағаттан кейін ұстамыз Жамалиддин қайтыс болды деген хабарды естігенде бүкіл денем дірлдеп кетті.

Латиф МАНСУР,
Өзбекстан Жазушылар
одағынын мүшесі.

**Латиф МАНСУР,
Ўзбекстан Жазушылар
одағынын мүшесі.**

Салауатты өмір үшін 5000 қадам

СПОРТ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Ташкент қалалық денсаулық сақтау басқармасының, Юнусабад аудандық медициналық бірлестіктің, сондай-ақ аудандық жанұя және әйелдер бөлімінің қолдауымен Юнусабад ауданында орналасқан “Ботаникалық бақта” “Салауатты өмір үшін 5000 қадам” ұранымен жүру, дене жаттығулары және спорттық жарыстар ұйымдастырылды. Аталмыш спорттық шараны Денсаулық сақтау министрі А.А.Худояров ашты.



Шарада сөз сөйлгендер халықтың түрлі топтары, эсиресе әйелдер мен жастар арасында салауатты өмір салтын кенінен насихаттау бағытында аткарылып жатқан жұмыстар жайлы айтты. Атап өйткенде, Министрлер Кабинетінің «Әзбекстан салауатты өмір салтын кенінен насихаттау және халықты дене шынықтыру мен бұқаралық спортқа тарту туралы» қаулысында белгіленген міндеттер — махаладан бастап, білім беру мекемелері мен кәсіпорындарда дене шынықтыру мен спортты насихаттап олардың

жұмысын тиімді ұйымдастырудың маңыздылығы атап өтілді. Дене шынықтыру мен трақтыр әрекет денсаулықтың негізі деуге болады. Өйткені ол қан айналымы мен өкпенің жұмысын жақсартып, күйзелісті азайтуға, иммунитетті нығайтуға көмектеседі. Осы мақсатта ауданда "Салауатты өмір үшін 5000 қадам" жобасы аясында 64 махаллада трақтыр түрде спорттық жарыстар өткізіліп жатқаны айтылды. Әсіресе, бұл бастама арқылы халықтың, соның ішінде әйелдердің дене белсенділігін арттырып, олардың арасында

да салауатты өмір салты қағидаттарынан насихаттау негізгі міндет ретінде белгіленген.

Маньдасы да қызықты түрде өткен бұл спорт мерекесіне 200-ден астам белсенді әйел қатысты. Танертеннен жиналған жұртшылық сайыс алдында қысқа қашықтыққа жүру жаттығуларын, дене шынықтыруды бірлесіп орындады. Әр қатысушыны табиғат аясында көтеріңкі көңіл күймен жауя жүріп, жатығу жасап қайтты. Сайыс соңында бадминтон, волейбол, мини-футбол сияқты спорт түрлерінен шағын жарыстар ұйымдастырылды. Бұл шаралар денсаулықты нығайтты қана қоймай, әйелдер арасындағы достық пен ынтымақтастықты арттыруда да үлкен рөл атқарды. Айта кетерлігі, осындай спорттық шараларды одан әрі дамытып, әрбір махалла, білім беру мекемесі мен кәсіпорындарда тұрақты түрде өткізу жоспарланған. Әйелдердің қатысуын кеңейту, түрлі жастағы халықтан салауатты өмір салтына байланысты біліктілігін арттыру мақсатында арнайы шеберлік сабақтары, тақырыптық көзделулер ұйымдастыру көзделуде. Сондай-ақ әр махаллада спорт алаңдары, жүру жолақтары және дене шынықтырумен айналысуға қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі жоспарлар да бар.

Корыта айтканда, ауданда "Са-
лауатты өмір үшін 5000 кадам"
ұранымен өтіп жатқан осындай
спорт мерекелері халық, әсіресе
ейлдер арасында салауатты өмір
салтын дәріптеп, дене белсенді-
лігін арттыруда нағыз рөл ат-
қарды. Мемлекетіміз тарапынан
қабылданып жатқан қаулылар мен
реформалар негізінде жүзеге асы-
рылып жатқан мұндай жобалар
болашақ ұрпақтың жан-жақты са-
лауатты да кемел болып өсуіне
септігін тигізетін сөзсіз.

Әлия ӘБДІРАХМАНОВА,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

Ойтүрткі

ТАҒДЫР ДЕГЕН НЕ?

Алдымен осы сұраққа жауап іздеп көрейік. Тағдыр дегеніміз – Жаратқанның адамдарға алдын-ала белгілеп берген өмір жолы. Қарт ата-әжелеріміз “жазымштан озмыш жоқ деп жатады”, яғни маңдайымызға не жазылса соны көреміз, сол болады дегендері ғой. Көп адамдар соған сеніп, оны өзгертуге болмайды деп ойлайды.

Дегенмен, менің ойымша, “не жазылды, сол болады екен” деп, мақсатсыз өмір сүруге болмайды.

Болса да, әр адамның тағдыры, өмір жолы әртүрлі. Ұқсас тағдыр болғанымен бірдей тағдыр болма-

раққа жауап
ғдыр дегеніміз —
амдарға
неп берген өмір
желеріміз
ыш жоқ деп
андайымызға
көреміз, сол
і ғой. Көп
ніп, оны өзгертуге
йлайды.

са керек, себебі адамдар
өтүрлі жағдайды түрліше
түсінеді, сезінеді. Біреудін
мандайына бақ жазылып
жарқыраса, енді біреуіне
тапшылықта, кедейшілікте
жасау жазылады. Біреуге
ғалым болуға жазса.

біреуге қайыр сұрау жазылады. Осылар мандайға жазыла ма, әлде адамдардың өзінің әрекетсіздігі ме?

Иә, Жаратқан бақ берсе, біз көтеріп жүретін үлкен жауапкершілік те керек. Оны жігері мықты адам ғана көтереді екен. Біреулер сол бақты көтере алмай асып-тасады, ақыр соңында адамдардың ду-дүңгімесіне қалады. Сондықтан тағдырымызға бармақтай болса да бақ жазылса, оны жоғалтпай алмай, орынсыз менмендік танытпай алып жүру — үлкен жауапкершілікті іс.

Тағдыр туралы ойлағанда, біреудің өмірі менікінен жақсырақ, әл-ауқатты, отбасысыз берекелі деп қызы

ғанушылықты танытпау керек, сырт көзге өзге адамның өмірі мен тағдыры керемет көрінгенімен, сол жағдайға жету үшін қандай ауырпайлықтарды жөніп, қандай істерді атқарғанын тек оның өзіне ғана ян. Мысалы, бір ұй алу үшін қандай ауыр күндерді басымыздан өткізгеніміз, 13 жыл пәтермен-пәтер көшіп жүргендеріміз есімізге түседі. Үйге еңбектену, қайраттану арқылы жеттік. Сондықтан біреудің жетістігін қызғанбастан, керісінше тағы ғана қызығып менде табысты болсам екен деп, алға мақсат қойып, соған жетудің амалдарын ойластыру керек.

Жұмагүл ӘЛІМБЕКОВА

Көрмө

“ТЕЗХИП” ӨНЕРІ

**Ташкент Фотосуреттер үйінде
Өзбекстан Көркемөнер шығармашылар
бірлестігінің мүшесі Мадина Собитова
және оның шәкірттерінің “Жаттың нәзім
киімі”, “Тезкип” атты топтық көрмесі
ұйымдастырылды. Онда 80-ге жуық
каллиграфиялық және тезкип өнерінің
үлгілері қойылған.**

Тезхип сөзінің түбірі арабша “захаб” (алтын) сөзінен алған. Тезхип түрлі құрлықтарда түрлі аталып, полировка, безендірілуінде қолданылған. Тезхип

Бүгінгі көрмеден елімізде осы сынды нәзік өнердің дамып жатқанын көруге болады.

Мадина Собитова Камолиддин
Бехзод атындагы сурет салу жөнө
дизайн институтун бітіргеннен соң,
техпиз өнөрине кызыгып, оны үйрө-
нө бастады да өзінің курсын ашты.

Оған катысқан окушы кыздары
осы өнөрдін кыр-сырын үйренуде.
Олар оку барысында каллиграфия
өнөрінін жазу түрлерін, техпиз өнө-
рнн негізін терік багытында үйрө-
нуде. Безөндірудө топ кыздары
өсөмдік тәрзідес накыштарды кол-
данады.

Көрменің ашылуына суретшілер,
көрменің авторлар, өнертанушы-
лар, түрлі кәсіп иелері, жастар, сон-
дй-ак бұқаралық ақпарат құралда-
рының өкілдері катысты.

**Хасан АБДУНАЗАРОВ,
Ташкент қаласы.**

 ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАР: Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасының Кеңесі, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенатының Кенесі және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті	Бас редактор Ғұламзәкір ЮСУПОВ Газет 2008 жылы 25 июньде Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясының қузырындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінде 0004-санмен тіркелген. Оффсеттік баслым. Қағаз түрі А2. Аптасына 2 рет шығады. Таралымы — 3684 Көлемі 4 беттен артық қолжазбалар қабылданбайды. Жарияланбаған хаттарға жауап қайтарылмайды. Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіні ескертіледі. “Нұрлы жолдың” материалдарын редакцияның келісімісіз көшіріп басуға болмайды. ISSN 2010-6343 	Кезекші редактор: Ерсейіт БАТЫРБЕКОВ Беттеуші-дизайнер: Қайсар РАХМАНОВ <i>nurljol2022@umail.uz</i>	Мекенжайымыз: Ташкент, ГСП, 100011. “Науаи” көшесі, 30-үй, 4-қабат.  <i>Телефон: +998 55 510-04-64.</i> Индекс: 168. Көлемі 2 баспа табақ. Бөлшек саудада еркін баға. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.	<i>“Шарқ” баспа-полиграфия акционерлік компаниясының баспаханасында басылды. Кәсіпорынның мекенжайы: “Буюк Туран” көшесі, 41-үй.</i> Тапсырыс Ғ — 326. Басуға тапсыру уақыты: 21.00 Тапсырылды: 01.30 1 2 3 4 5 6
---	--	--	--	---